



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

3-4. 1997

Республика алаңына орнатылған Тәуелсіздік монументі.



АСТАРЛЫ ОЙ ӘЛЕМІ

Сатира мен юмордың негізгі мақсаты өмірдің келеңсіз жайларын сынға алу, күлкі ету. Юмордың табиғаты негізінен диалектикалық болса, сатира өзінің идеясын, яғни күлкіге көтерген объектісінің беделіне ымырасыздықпен нұқсан келтіруге күш салады. Юмор өмірдегі маңызы төмендеу қалыптан ауыпқу жағдайлары мен кейбір кемшіліктерді күлкі етсе, сатира жауынгер-өнер қатарына қосылады. Бұл пікірдің де жаны бар. Орыс әдебиетінде Кантамирден бастап Салтыков-Шедринге дейін сатиралық элемент автордың радикалдық көзқарасын білдіретін.

Өз идеясы мен шындықтың қарама-қайшылығын сезініп, қиналушы сатирикке карағанда юморист суретшінің қоршаған ортаның кемшіліктеріне тереңнен құлаштап бойлауға мүмкіндігі бар. Жоғары-төмен, есті-ессіз, күлкілі-күлкісіз деңгейі заманына қарай белгіленеді. Мысалы, орыс әдебиетінде Гоголь «жалған дүниеге» сын көзқараспен, ал алдағы болашаққа зор үмітпен қарайды.

Юмор да сатира атауы сияқты, бірнеше мағынада қолданылады. Ең алдымен ол да — өмірдегі күлкілі болмыс, құбылыс, деректі оқиғаларға эстетикалық қатынастың бірі. Кез келген күлкілі нәрсені сатиралық тұрғыдан сықақтық тәсілмен бағалай

салу жөнсіз. Кейбір қоғамға, жалпы моральға зиянсыз күлкілі жайлар, жеке адамдардың қайырыммен, кешіріммен қарауға болатын әпенділік әрекеттері, әлсіз жақтары кездеседі. Юморға біреудің табысына, жақсылығына қуана білетін басқаны жалпы адамды сүйетін, құрметтейтін, соларды қуантуды өзіне ғанибет санайтын, жұртпен сырласып, әзілдеуді мұрат тұтатын адамдар бейім тұрады.

Юмор жеке тұрып әдебиеттің өзінше бір тегі бола алмайды. Өйткені, ол көбінесе сатира құрамында, сатирамен бірлесіп қызмет етеді. Ол екеуі бір-бірімен теңдеспейтін екі дүние емес. Олар бір-бірін толықтырып, күшейтіп тұрады. Бұл жөнінде атақты фельетонист М. Кольцов: «Юморсыз сатира болмайды. Ең өткір, ең ызалы ең қайғылы сатираның өзінде юмордың нышаны болуға тиіс. Әйтпесе ол сатира болудан қалады...» — деген. Юмордың өзі көп жағдайда сатира қолданатын тілдік, стильдік құрал-әдістерге иек артады. Сатира да, юмор да — сын құралы, сын мен өзара сынның әдеби түрі. Екеуінде де көңілсіз көріністерді сынап-мінеп, төлкек ететін қасиет, қабілет бар. М. Горькийдің айтуынша, юмор ақымақтарды күлдіру үшін емес, күлкіге жағып келекелеу үшін қажет. «Юмор өмірдегі күлкілі жайларға — комизмге негізделеді. Сатира да юморлық сезімнің жемісі» — дейді, сатира зерттеушісі Т. Қожакеев.

Көңілдегі көрікті ойды құлаққа қонымдырақ, өткірірек ету үшін Д. Досжанов ылғи да әжуә-әзілге, мысқыл, сықакқа көбірек орын береді. «...«Түгіскен» совхозының директоры Сұлтанғали жанындағы озат диқан Батырға шапыраштана қарайды. Әлгіде жолда, машина үстіндегі сөзі есінде.

— Ғайнекеннің тәртіпті сүйетінін білесіз. Сен де бір жұртқа ұқсап галстук тағып, туфли киіп жүрсең қайтеді? Нақа ауданның бар күрішін өзің баптап жүргендей ыпының жаман. Құбыжық секілді кіріп барғанында райкомдегі қыз-келіншектер шошитын шығар.

— Үйден сайланып, қамданып шықсам бір сәрі. Егіс басынан дігірлеп ала жөнелген өзіңіз емес пе? — дейді Батыр.

— Әй, айта-айта аузым ауырды тегі.

— Райком киімінді, сәнінді емес, жұмысты сұрайтын болар басаеке!..»

Осындай жеңіл күлкінің бояулары мың құбылмалы, әдемі, әсерлі. Бұнымен қатар салдыр-салақ, қамсыз, жеңіл-желпі күлкілер де кездесе береді. Ал кейде ойнақы, сылқым, зілді күлкілер де кездеседі. Бұлар әдебиетіміздің ұлттық бояулары мен ұлттық белгілерін танытады.

Ал жазушы Мархабат Байғұтовтың «Бір дорба диплом» өңгімесінде сырттай оқу бөлімі студенттерінің диплом алу жолындағы кезеңін суреттейді. Жазушы стилінде өткір сатира, жылы әзілді юморда бар. Өңгіме: «... Кенет кенеп дорба мода болды да кетті. Мода сырттай оқитындарға тез сіңе қоймайды.

Декан ағайдың айтуына қарағанда «бізге білім жарытып дарымас». Ол кісі біздің аудиторияға 25 адам жетелеп, 25 адам айдап келе жатқандай азапты кейіппен кіреді. Кейде ғана күлімсiрер. Оның өзі 100 процент мысқылдан ғана құралар...» деген жолдардан басталады. Осы бiрнеше сөйлемнен тұратын жолдарда: бiрiншiден, жәй кенептiң қолға түспей қат болғанын әжуаласа, екiншiден, деканның студенттерге деген жаны ашымас пиғылын түйреп өтедi.

Осы әнгiмеде ауылдық мектептерде кездесетiн келенсiздіктердi де күлкі етедi.

«... Шақыру қағазын директор емес, оның оқу ісі жөнiндегi орынбасары табыс етер. Жәй тапсыра салмайды. Мектептiң жартысын өртеп жиберген адамға қарағандай түсі суып кетедi. «Сессияға бару бармауың менiң қолымда» дегендi желiмдеп қойғандай жымқырып алған ерiндерiмен емеурiндейдi. Институтымызға шақыру қағазы келген минуттан бастап, аттанып кеткенше «бала» боп шыға келемiн. «Бала! Әдебиет үйiрмесiнiң кезектi сабағын да, кезексiз сабағында ұйымдастырып, қабырға газеттерi байқауын өткiзбесең, емтихандарыңды жиып-терiп жазда тапсырасың», «Бала! 2-3 күн кешiгiп барсаң, ботқадан күр қалмасың, ёлкаға Аяз ата боп берерсiң». Мiне, осы кiшкене ғана үзiндiден мектеп басшыларының iс-әрекетiн жылы юмормен көрсете бiлген.

М.Байғұтовтың осы әнгiмесiнде шиеленiскен уақиға жоқ. Бiрақ портрет пен деталь арқылы кейiпкер болмысына батыл үңiлген. Бiр қарағанда портрет жасауға салақтау қарайтын көрiнгенмен, қызықты уақиғаларды суреттеу арқылы адам мiнезiн де, айтар ойын да жеткiзе бiледi. Адам мiнезiнiң өзгеруi оқушысын жымитар шағын оқиғада толық дәлелдейдi. Үлкен пафосты терең ой айтуға ұмтылып көпсөзділікке салынбайды. Түйер пікірлері шебер құрылған уақиғалардан өнiп шығады. Шығарма мақсаттылығымен, пікір түйгiзер мазмұндылығымен әнгiме жүгiн нық көтерiп тұр. Тақырыптың маңыздылығы әнгiменiң стильдік олықықтарын көзге одағайламай бiркелкi алып шыққан. Юмористік қабілет дарыған жазушы ғана өмiр қайшылықтарын, үйлесiмдіктердi көре бiледi, көрсете бiледi, жаза бiледi. Күлкілі құбылыстарды мынау қайнаған тiршiлiгiмiздiң iшiнен суырып алып, оның жағымсыз жақтары мен келенсiз көрiнiстерiн келемеж ете алады.